

Білім беру бағыты:»Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»

Ұйымдастырылған іс әрекет: Сенсорика

Тақырыбы: Геометриялық пішіндер. үшбұрыш, шаршы, дөңгелек.

Мақсаты: балаларды дөңгелек, шаршы, үшбұрыш тәрізді геометриялық пішіндермен таныстыру, оларды ажыратуды үйрету, пішіндерден бейне құрастыра білуге, түстерін айта білуге үйрету. Көрнекілік геометриялық пішіндер, үлестірмелі текшелер, құс ұясы, пішіндердің суреттері. Әдіс тәсілдер сұрақ жауап, қайталау, талдау түсіндіру топтастыру ойын.

Оқу әрекеті	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар бізге бүгін көп қонақтар, келген екен олай болса, біз амандасып алайық!	Сәлеметсіздерме
ұйымдастырушылық Ізденушілік	Қош келдіңіздер, бүгін бізде өте көңілді оқу қызметі болмақ	Үлкенге де сіз, сіз Кішіге де сіз, сіз Сәлем бердік сіздерге Құрметпенен біз, біз
	Балалар бізде бүгін ерекше күн. Бүгін бізде қайталау сабағы. Ұйымдастырылған іс әрекетіміз сенсорика деп аталады. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі неше айдан тұрады?	Қыс мезгілі Үш айдан
	Қане қыс мезгілінің ай аттары қалай аталады?	Желтоқсан Қаңтар Ақпан

Рефлексивті Корекциялау	ЖЫЛУЛЫҚ шеңбері Балалар мынау қандай пішіндер, қане айтайықшы? Балалардың назарын суреттерге қаратып пішіндерді және түстерін айтады. Балалар осы пішіндер жайлы Жаттауларымызды айтайықшы. Неге төрт бұрыш деиді екенбіз,қанекен төртбұрыштың қабырғаларын, бұрышын санаиық Ал үшбұрыш дейді екенбіз,қабырғаларын , бұрыштарын Санайық, түсі қандай екен ? Жарайсындар Балалар.дөңгелектің бұрышы бар ма?	Алақанды ашайық, Күн нұрын салайық. Жиналған жылу шуақтарды, Қонақтарға шашайық. Каусар Төрт бұрышпын,төрт бұрышпын Төрт қабырғасы бар бұрышпын. Қай жағынан қарасаңда, Төрт қабырғасы тең бұрышпын. АҚЕРКЕ Үш бұрыш, Үш бұрыш, Үш қабырғасы бар бұрышпын. Орны бөлек үшбұрышпын Гүлсезім Домалақпын,домалақпын, Дөңгелек боп домаладым. Ай сияқты,күн сияқты, Шар сияқты домалақ.
---	--	---

	Сергіту сәті Ал балалар мына құс ұясына қарандаршы қандай пішіндерден құралған.Қазір қыс мезгілінде құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Ал осы суықта қалған құстарға ұя керек я балалар. Қане біз жапсыру сабағын кіріктіре отырып,мына пішіндерді жапсыру арқылы құстарға ұя жасайық . Балаларға дайын пішіндермен, желімен және ақ қағаз беріп, Тәрбиеші көмектесу арқылы ақ қағазға пішіндерді жапсырып ұя құрастырады.	Бойды сергек тік ұста, Емін еркін тыныста. Оң қолыңды соз алға, Қол ұшына қарада. Ұш бұрыш сыз ауада, Сол қол босқа тұрмасын, Шеңбер жасап тынбасын. Қиылған пішіндерден үйшік жапсырды.
--	---	--

Күтілетін нәтеже:

Біледі:Балалар пішіндерді тани біледі.

Меңгереді:түсті ажырата біледі

Игереді: қиылған пішіндерден желіні қолдана отырып үйшік жасай алады.

